

лауыштық сипатқа ие екендігін бағамдауға болады.

1. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика. – Минск: Тетра Системс, 2004.

2. Смағұлова Г. Мағыналас фразологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 194 б.

3. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2006.

**Саткенова Ж. Б. Лингвокогнитивная структура национальных концептов
Satkenova J. B. Linguistic and cognitive structure of national concepts.**

Д. Б. Сансызбаева, А. Ж. Шайкенова,

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қаласы, Қазақстан*

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДЕГІ МӘТІН ТҮРЛЕРІ

Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі сабақтарының мақсаты – студентті мамандығына байланысты тілдік материалдармен тәжірибе жүзінде таныстыра отырып, мамандыққа қатысты оқыту, яғни қазақ тілін оқып-үйретуде қойылып отырған басты мақсат – студенттердің белгілі бір тақырып төңірегінде сөйлей білуге, айналасында болып жатқан мәселелерді түсінуінде ресми тілді меңгеруге, сондай-ақ мемлекеттік тілде кәсіби сөздерді меңгерген маман болып шығуға үйрету. Бұл жолдағы жұмыстардың оң нәтижесіне қол жеткізу – студент белсенділігін арттыру, оқытудың проблемалық мазмұнын таңдау, сабақ беру, техникалық құралдарды қолдану және оқытушы мен студенттің қарым-қатынасын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылатыны белгілі.

Студенттердің қазақ тілінде дұрыс сөйлеуін, сауатты жазуын, мамандығына қатысты сөйлеуін жетілдіру, кәсіби сөйлеу тілін дамытуды жүзеге асыру үшін оқытушы болашақ маман иелерінің сөздік қорын мамандыққа байланысты кәсіби лексикамен молайтып, кәсіби тілдік қатынас жасау арқылы мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандар даярлап шығаруы тиіс.

Кәсіби тілде сөйлесім әрекетінің барлық түрлері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім әрекеттері арқылы қарым-қатынас жасалады. Тілді оқытуда маңызды әрекет – мәтін арқылы жүзеге асатын қатысымдық әрекеті. Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби бағыттағы мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің сөздік

қорын молайтып, кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Мәтіндермен жұмыс барысында студенттердің өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толығыады. Тақырыптық лексиканы үйретуде оны студенттердің күнделікті өмірінде қолданыста қиындық туғызбайтындай жеңіл болуын, мамандыққа қатысты студенттің ұғымына мағынасының сай келуін, оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алуын, мағыналық ерекшеліктерінің ескерілуін ескерген жөн.

Қазақ тілін меңгерту оқытушының сөйлеуге үйретудегі тілдік қарым-қатынасты, тілдік дағдыны, тілдік білікті қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері мен оқыту мазмұнын дұрыс анықтап, оқу материалдарын іріктеп қолдана білудің маңызы зор. Тілдік дағдыларды жетілдіру, тілдік біліктерді дамыту кезеңдеріндегі жұмыстар, негізінен, мәтінге негізделетіні белгілі. Сондықтан да сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыра білу – оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі болып саналады. Мәтіннің кәсіби сөйлеу тілін дамытады алатын орны жайында профессор Ф.Оразбаева: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды... Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-

ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді» -деп көрсетеді. [1:28].

Студенттердің болашақ мамандықтарына деген қызығушылығын арттырып, тіл меңгеруде нәтижелілікке жеткізетін мәтіндерге аутентті (грек сөзі – *authentikos*- алғашқы, түпнұсқа дегенді білдіреді) мәтін түрлері жатады. Мәтін таңдауда мәтіндегі ойдың нақты, дәл берілуі, тілінің түсінікті болуы – негізгі шарттардың бірі болып табылады. Күнделікті баспасөз беттерінен, интернет желісінен алынған мәтіндермен, көркем шығарма үзінділерінен алынған мәтіндермен жүргізілетін жұмыс студенттердің анықтамалық әдебиет, сөздікпен жұмыс істеу, салыстыру, талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мамандықтарына қатысты аутентті мәтіндер студенттердің білімдерін жан-жақты тереңдетіп, толықтырып, кәсіби сөйлеу тіліне дағдыландыруды жетілдіреді. Тілдік дағдыларды жетілдіру әрі дамыту кезеңдерінде орындалатын тілдік жаттығулар мен тапсырмалар мәтінге негізделеді.

Сабақ үстінде студенттің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – әр оқытушының шеберлігіне байланысты. Өйткені студенттерді терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір оқытушыны ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір оқытушының негізгі алға қойған міндеті – студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастырып, тілге деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру арқылы кәсіби тілді еркін меңгерген маман даярлау деп жоғарыда айтып кеттік. Олай болса, студенттердің кәсіби тілді белсенді меңгеруіне зор әсерін тигізетін нәрсе белгілі бір тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндерді сұрыптап дұрыс ұсына білу. Ұсынылатын мәтіндерді әдеби шығармалардан, ғылыми-көпшілік ақпараттардан т.б. алуға болады. Мақсат – белгілі бір тақырып бойынша студенттерге түрлі оқиғаларды суреттейтін сан алуан материалдарды оқыту арқылы жан-жақты ұғым, кең мағлұмат беру. Іріктеп тандалған мәтін мазмұнының жеңіл-күрделілігіне, яғни қиындығына, көлемінің үлкен-кішілігіне, баяндау

стиліне, құрылысы мен жанрына қарай, қай мерзімде өтуге лайықты болатынын оқытушы алдын ала ойластырады. Қазіргі білім берудің кредиттік оқыту жүйесіне негізделген бағдарламада бір тақырыпты практикалық сабақ, студенттің оқытушы көмегімен іске асыратын өздік жұмысы, сондай-ақ студенттің өздік жұмысы деген сабақ түрлері арқылы меңгерілетінін білеміз. Осы бір тақырыптағы үш сабақтағы тапсырма, жаттығу түрлерін бір-бірімен тығыз байланыста, жүйелі түрде қарастырып, сабақты дұрыс ұйымдастыру білу – жұмыстың оң нәтижесін берері сөзсіз. Студенттердің қазақ тілінің алғашқы грамматикалық негіздерін меңгерген, бастапқы негізгі деңгейдің лексикалық қорын қолданыста пайдалана алатын, ауызекі сөйлеу тілін, әдеби тіл элементтерін, яғни негізгі тілдік білімін жетілдіре отыра кәсіби тілді меңгертудегі әдіс-тәсілдерді ұтымды байланыстыру арқылы жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

«Біз қазақ тілін оқыту барысында жүргізілетін сабақтарда ең негізгі күшті ұзақ уақыттық еске түсіреміз. Өйткені тіл үйренушілер кәсіби қазақ тілін қысқа мерзімге емес, ұзақ мерзімде қолдана алатындай үйренуі қажет. Оқытушы психология ғылымының негізгі қағидаларына сүйене отырып, тіл үйренушілерге кәсіби қазақ тілінен ұзаққа сақталатын тұрақты білім беруі қажет. Егер де тіл саясатын ескерер болсақ, маман бастапқы қаланған білімінің негізінде әрі қарай өз бетінше мамандық тілін кәсіби деңгейде үйренуге, жетілдіруге және байытуға қадам жасайды». [2:35].

«Сөздік қорды байыту мәселесі – тіл дамытудағы өте маңызды мәселе. Ал өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда ол басты бағыттардың бірі болып табылады. Тіл үйренушілер үйренетін тілдің сөз байлығын игермей, сол тілдің қоғамдағы сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас жасауға қажетті дағдыларды меңгере алмайды. Тіл үйренушілердің тіл байлығы қандай дәрежеде екендігі олардың өз ойын дұрыс айтуы арқылы, белгілі бір тақырып бойынша біреумен еркін әңгіме жүргізе алуы арқылы байқалады. Ендеше, тіл үйренушілердің қазақша сөйлеуі – қазақ тілін білетіндігінің көрсеткіші.

Әдістеме ілімінде «сөздік қорды байыту» мәселесі жаңа тақырып болмаса да, қазақ тілін тіл үйренушілердің мамандықтарына сәйкес үйретуде ерекше маңызды. Өйткені ол мемлекеттік тілді терең меңгерген білікті маман-

дарды даярлауда өзекті әлеуметтік міндеттерді шешуге көмектеседі. Осы тұрғыдан оның практикалық маңыздылығы да байқалады» [2:4].

ЖОО-дағы оқытудағы негізгі мақсат – кәсіби тілді дамытып меңгерту. Тіл үйренушілерді еркін араласып, өз мамандығы бойынша сұхбат жүргізе алуға, ақпараттар тыңдап, оны айтып беруге, өз пікірін, ойын ауызша, жазбаша жеткізе алуға машықтандыру. Берілген мәтіндер студенттерді өлкетану, ғылыми, мәдени деректер туралы хабарлармен таныстырады. Бұл үйренушінің ішкі ой-өрісін, ұлттық танымын дамытып, қызығушылығын арттырады. [3:3].

Мамандықтарына байланысты тақырыптарды меңгеруде көркем шығармадан алынған үзінді мәтінді кәсіби мәтіндермен сабақтастыра ұсыну – тіл үйренушілердің өз мамандығы жайында мағлұматын кеңейтіп, кәсіптік ынтасын арттырады, әрі пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Сондай-ақ, қазақ тілін тиісті деңгейде меңгерген студенттерге (әсіресе орыс мектебін бітірген ұлты қазақ студенттеріне) жоғарыдағы мәтін түрлерін ұсыну көркем шығарма мәтіндерін оқуға үйретеді, сол арқылы қазақша сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, тілдерін дамытуға зор септігін тигізеді. Кәсіби мәтіндер негізінде тіл үйренуші мамандығы туралы білімін ғана жетілдіріп, өзінің келешекте атқаратын жұмыстары туралы пайдалы, өте қажетті ақпараттар алып, кәсіби танымдарын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар көркем әдебиет оқуға да машықтанады.

Мысалы, «Физика» мамандығында оқитын студенттерге «Бу» тақырыбын меңгергенде төмендегідей мәтін түрлері ұсынылады:

I. Практикалық сабақ. I-мәтін: «Омардың емтихан тапсыруы» көркем мәтін. [4:196].

II. СӨЖ. Ғылыми-көпшілік «Су буы» ақпараттық мәтіні.

III. СӨЖ. М.Жұмабаевтың «Судың айналып жүріп отыруы» немесе «Жанбырдың болып, болмауы туралы сәуегейлік қылу» аударма мәтіні. [5:275-276].

Берілген аутенттік мәтіндер студенттердің жас ерекшелігіне (психологиялық ерекшеліктеріне), тілдік даярлығына қарай іріктеліп алынып, кәсіби лексиканы, яғни кәсіби сөйлеу тілін дамытуда маңызы зор екенін айтамыз. Мәтінмен жүргізілетін жұмысқа арналған жаттығу, тапсырмалар сипаты мақсатқа сәйкес

анықталады, ал мақсат – тіл дамыту. Кәсіби лексиканы (ғылыми-көпшілік мәтінмен жұмыс) меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыруда бірден бір уәж – ой қозғау (көркем мәтінді оқу), сондай-ақ қазақ халқына тән өзіндік ерекшелігін сипаттайтын ұлттық дүниетанымдық мәтін («сәуегейлік туралы» мәтін) арқылы жүзеге асырылады.

Мәтіннің сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне үйретуде тиімді және басты негізгі болу үшін студенттерді мәтін материалдарын меңгеруге бағытталған жұмыс түрлерін қолдана білуге төселдіру қажет. Мысалы, «Су буы» тақырыбына арналған кәсіби лексиканы меңгерту мәтіндері бойынша студенттерді мамандыққа қатысты оқыту мақсатында төмендегідей жұмыс түрлері жүргізіледі: сөздік жұмыс; мәтінмен жұмыс; грамматикалық жаттығулар; мәтінге байланысты тест тапсырмалары.

Сөздікпен жұмыс: жаңа лексикамен танысуды «сөздік карталар» арқылы жүзеге асыруға болады. «Сөздік карталарды белгілі бір тілді меңгеру деңгейі бар, орта туралы аялық білімі бар оқушылармен жүргізуге болады. Сөз баланың есінде қалуы үшін ол белсенді түрде жұмыс үстінде сол сөзді игеруі керек. Бұл әртүрлі жаттығулардың қатары және жаңа сөзді қарым-қатынаста қолдануы болуы керек. Сабақ үстінде жаңа сөздердің синонимдері, антонимдері, ассоциациялары беріледі. Ең оңайы аудармасын беру болып жатады. Ал бұл сөзді есте ұзақ қалдырмайды. Сөздік карта мәтінмен жұмыс барысында жасалады». [6].

Мәтінмен жұмыс: мәтін алды, мәтінмен жұмыс, мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңдерінен тұрады. Мәтінмен жұмыстың мақсаты: студенттің берілген мәлімет бойынша танымдық қабілетін арттыру, мазмұнын қазақша баяндай білу, өз ойын түсінікті жеткізе білу, сөйлеу қабілетін арттыру болса, мәтінмен жұмыстың тиімділігі: тіл үйренушілерді мәтінді мәнерлеп оқуға дағдыланады, мазмұнын ауызша, өз сөзімен баяндау арқылы сөйлеу қабілеті артады, мамандыққа қатысты сөздік қоры байып, түсінігі молаяды.

Грамматикалық жаттығулардың мақсаты: берілген жаттығулар арқылы мәтінде кездестірілген сөздерді тереңдете меңгерту, тілдік болжамын арттыру, сауатты жазуға дағдыландыру. Берілген жаттығулардың тиімділігі: болашақ маман кәсібіне байланысты сөздерге

ден қояды, сауатты жазып үйренеді, сабаққа деген ынта-ықыласы артады.

Мәтінге байланысты тест тапсырмаларының мақсаты: көркем мәтін оқуға деген қызығушылықтарын артыру, мазмұнын түсініп тырысу, грамматикалық білімдерінің дұрыс меңгерулер, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

«Важность тестого контроля понимания содержания иноязычного художественного текста состоит на наш взгляд в следующем: тестовые задания представляют собой своего рода проблемные, мыслительные, познавательные, рече-продуктивные задачи, что активизирует мыслительную деятельность студента; тесты стимулируют интерес к процессу чтения на инсотранном языке ..; тесты способствуют выработке необходимого стереотипа структуры текста и алгоритма чтения;...»,- деп атап көрсетеді Р.В.Миков, В.В.Швайгерт. [7].

Қорыта айтқанда, мамандандырылған жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту қазіргі уақыт талаптарына сай жаңа технология-

лық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби лексиканы меңгертетін мәтіндерді дұрыс таңдап, олармен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің өз бетінше тілдік дағдыларын дамыту – мемлекеттік тілді саналы да сапалы түрде меңгеріп шыққан мамандар даярлауда өзінің оң нәтижесін беретіні сөзсіз.

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2000.

2. Құсайынова Д.Ж. Заңгерлердің сөздік қорын мамандыққа қатысты дамыту әдістемесі. Астана,- 2007.

3. Мухамадиева Н.Қ. Кәсіби қазақ тілі. Алматы, 2006.

4. Әкім Тарази. Бұлтқа салған ұясын. Алматы, 1998.

5. Б.Қанарбаева. Мағжан символист. Алматы, -2007.

6. Ерназарова З.Ш. Жаңа сөздерді игеруге арналған сөздік карталар мен жаттығу жұмыстары. «Қазақ тілі: әдістеме», №11-2009.

7. Р.В.Миков, В.В.Швайгерт. Типология видов тестовых заданий для контроля понимания содержания иноязычного художественного текста. Москва, -2005.

8. Е.И.Пассов. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. Москва, 1985.

9. Оралбаева Н., Жаксылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1996.

Сансызбаева Д.Б., Шайкенова А.Ж.

Виды текстов для обучения профессиональному казахскому языку

В статье представлен краткий обзор различных видов текстов и эффективных методов обучения профессиональному казахскому языку

Sansyzbaeva D.B., Shaikenova A.J.

Types texts for professional training Kazakh language

The article presents a short issue of different types of texts and effective methods of teaching professional Kazakh language.

А. А. Сарсекеева,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
жалпы тіл білімі және аударма кафедрасының магистранты*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВІК АСПЕКТІЛЕРІ

Дүниедегі барлық нәрселердің аты және соған сай заты болады. Адамды қоршаған әлемдегі нәрселердің аттары, тіпті адамның өзінің аты оның ойын, ішкі жан дүниесін, құндылықтарын, ділін, кейде тіпті дінін ашып көрсете алады. Жалқы есімдердің тілдегі ерекше орны мен маңыздылығы ықылым заманнан бері елдің назарын аудартып, зерттеу мен зерделеу нысаны болып отыр. Көне дәуір ойшылдары жалпы есімдер мен жалқы есімдерді бөліп қарастырған, атаулардың ақиқат-

тығы мен қажеттігі, зат пен атаудың тығыз байланысы, атаулардың мағынасы, атаулардың жекелік тұлғалылығы т.б. жөнінде ережелер жасалды.

Сөздер мен фразеологиялық тіркестер жалпы түрде лексикалық бірліктер немесе тілдік таңбалар деп аталады. Адам тілдік таңбалар көмегімен өзінің ақиқат шындықты түйсінуі мен ой-өрісінің жұмысын білдіреді. Тілдік таңбалар адамның қуат сақтау, ыңғайлы қарым-қатынасқа жетудегі еңбегінің